



Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай
ғалымның өмірі мен шығармашылығы туралы
жас ғалымдар, жазушылар және журналистер арасында ұйымдастырылған
«АХМЕТ АМАНАТЫ»
атты үздік ғылыми мақала байқауының

ЕРЕЖЕСІ



 КЕЛІСІЛГЕН

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты Директоры
/Анар Фазылжанова

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай
ғалымның өмірі мен шығармашылығы туралы
жас ғалымдар, жазушылар және журналистер арасында ұйымдастырылған
«АХМЕТ АМАНАТЫ»
атты үздік ғылыми мақала

БАЙҚАУЫ

1. Жалпы ереже

1.1 Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай ғалымның ғылыми мұрасын насихаттау, зерттеу, жастардың бойында ұлттық рух пен отаншылдық сезім қалыптастыру, ұлттық құндылықтар мен Алаш мұрасын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылды. Ереже Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арналған үздік мақала байқауы тәртібін айқындайды.

1.2 Үздік мақала байқауы (әрі қарай – байқау) Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының Жобалық кеңсесінің тапсырысымен ұйымдастырылды. Байқау Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтымен бірлесіп өткізіледі.

1.3 Ережеде келесі ұғымдар қолданылады:

Тапсырыс беруші – Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының Жобалық кеңсесі;

Серіктес ұйым – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты;

Ұйымдастырушы – ЖШС Salem Media Group;

Қатысушылар – Ахметтану саласындағы ізденуші жас ғалымдар, жазушылар және журналистер, студенттер, магистранттар мен докторанттар (40 жасқа дейін);

Байқау – осы Ережеге сәйкес «Үздік мақала» жеңімпазын анықтау үдерісі;

Байқау комиссиясы – байқау қатысушыларының ғылыми жұмысын арнайы талаптар бойынша бағалау үшін ұйымдастырушы құратын алқалы топ.

2. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

Байқауға қатысу үшін өтініш берушілер төмендегі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- қатысушылардың жас ерекшелігі – 40 жасқа дейінгі студенттер, магистранттар, докторанттар, кәсіби журналистер, жас ғалымдар мен жазушылар.

- әр қатысушы бір ғана ғылыми жұмысы арқылы байқауға қатысса алады;

- үміткерлер 2022 жылдың 31 тамызына дейін өтінім беріп, өз жұмысын makala2022@inbox.ru электронды поштасына жіберуі тиіс;

3. Мақалаға қойылатын талаптар

3.1 Мақала мазмұнына қойылатын талаптар:

- Мақала ұсынылған бағыттардың біріне сәйкес болуы тиіс. Әсіресе Ахмет Байтұрсынұлының публицистикалық мұраларына арналған мақалалар оң бағаланады;

- Мақала бұрын-соңды жарық көрмеген, қатысушының өзі жазған еңбек болуы керек;

- Мақала ғылыми жұмыстың талаптарына толық сәйкес болуы керек (мазмұны, құрылымы, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, тұжырымдары, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, т.с.с.);

- Мақалада мазмұны Ахмет Байтұрсынұлы өмірі мен шығармашылығының бұрын-соңды айтылмаған мәселелері мен өзекті тақырыптарына арналуы керек;
- Мақаланың ғылыми және әдістемелік құндылығы, материалдардың шынайылығы, сауаттылығы, өзіндік ерекше құрылымының болуы;
- Мақала мемлекеттік тілде қабылданады.

3.2 Мақаланы рәсімдеу талаптары:

- Мәтін 14 өлшемді Times New Roman қарпімен теріледі; жоларалық интервал – 1; абзац шегінісі – 1,25 см; беттің оң жағынан – 3 см, үстіңгі және астыңғы жағынан – 2 см, сол жағынан 1,5 см кеңістік қалдырылады.

- Мақала көлемі 7-12 бет, 2 500-4 500 сөз болуы тиіс; автордың аты-жөнін, лауазымын, жұмыс орнын, ғылым дәрежесін мақаланың тақырыбының алдында жазылады. Мақалада 100-150 сөзден және 5-8 негізгі сөзден құрылған қысқаша аннотация болуы тиіс; әдебиет сілтемелері тік жақшаның ішінде өзінің библиографиялық тізім бойынша кезекті нөмірмен белгіленеді, мысалы: [1, б. 15]; қолданылған әдебиеттер тізімі – басылым орны (қала және баспахана), айы немесе нөмірі (газет, журнал), басылым жылы және бет нөмірі, ГОСТ 7.1:2006 сәйкес рәсімделеді. Әдебиеттер тізімі мақаланың жалпы бет санына кіреді.

4. Байқаудың өтетін мерзімі

- Мақаланы қабылдау мерзімі: 2022 жылғы 16-тамыздан бастап 1-қыркүйекке дейін;
- Мақалаларды іріктеу: 2022 жылғы 2-қыркүйектен бастап 5-қыркүйекке дейін;
- Байқау жеңімпаздары туралы хабарландыру: 2022 жылғы 6-қыркүйек;

5. Мақалаларды іріктеу және жеңімпазды анықтау

- Мақалаларды техникалық іріктеуді, олардың Байқау шарттарына сәйкестігін және ұсынылған құжаттардың толықтығын ұйымдастырушылар анықтайды.

- Техникалық іріктеуден өткен барлық өтінімдер Комиссия мүшелерінің қарауына жіберіледі. Байқау комиссиясы бағалау өлшемдеріне сәйкес мақалаларды іріктейді, жеңімпаздарды анықтайды;

- Байқау жеңімпаздары Комиссия мүшелерінің дауыс беру қорытындысы бойынша анықталады;


- Байқау жеңімпаздары арнайы дипломдар, алғысхаттар және қаржылай сыйлықтармен марапатталады.

Комиссия мүшелері мақалаларды төмендегі өлшемдер бойынша бағалайды:

р/с №	Бағалау өлшемдері	Баға (0-5 балл)
1.	Мақала ғылыми талаптарға сәйкес болуы;	
2.	Мақала мазмұны Ахметтанудың жаңаша мәселелеріне, тың тақырыптарға арналған болуы;	
3.	Ахмет Байтұрсынұлының публицистикалық мұраларына қатысты тақырыптар болуы	
4.	Мақала техникалық талаптарға (параметрлерге) сәйкес болуы;	

Байқаудың жүлде қоры:

- 1-орынға – 200 000 тг
- 2-орынға – 100 000 тг
- 3-орынға – 50 000 тг



Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының Жобалық кеңсесі Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай ғалымның өмір жолы мен шығармашылығы туралы жас ғалымдар, жазушылар және журналистер арасында «Ахмет аманаты» атты үздік ғылыми мақала байқауын жариялайды.

Байқаудың мақсаты мен міндеті – Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын насихаттау, зерттеу, жастардың бойында ұлттық рух пен отаншылдық сезім қалыптастыру, ұлттық құндылықтар мен Алаш мұрасын дәріптеу.

Байқау шарттары:

Мақала ұсынылған бағыттардың біріне сәйкес болуы тиіс. Әсіресе Ахмет Байтұрсынұлының публицистикалық мұраларына арналған мақалалар оң бағаланады. Мақала бұрын-соңды жарық көрмеген, қатысушының өзі жазған еңбек болуы керек. Мақала ғылыми жұмыстың талаптарына толық сәйкес болу керек (мазмұны, құрылымы, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, тұжырымдары, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, т.с.с.). Мақалада мазмұны Ахмет Байтұрсынұлы өмірі мен шығармашылығының бұрын-соңды айтылмаған мәселелері мен өзекті тақырыптарына арналуы керек. Мақаланың ғылыми және әдістемелік құндылығы, материалдардың шынайылығы, сауаттылығы, өзіндік ерекше құрылымының болуы.

Мақалалар Microsoft Word түрінде жолдануы қажет. Мәтін 14 өлшемді Times New Roman қарпімен теріледі; жоларалық интервал – 1; абзац шегінісі – 1,25 см; беттің оң жағынан – 3 см, үстіңгі және астыңғы жағынан – 2 см, сол жағынан 1,5 см кеңістік қалдырылады. Мақала көлемі 7-12 бет, 2 500-4 500 сөз болуы тиіс; автордың аты-жөнін, лауазымын, жұмыс орнын, ғылым дәрежесін мақаланың тақырыбының алдында жазылады. Мақалада 100-150 сөзден және 5-8 негізгі сөзден құрылған қысқаша аннотация болуы тиіс; әдебиет сілтемелері тік жақшаның ішінде өзінің библиографиялық тізім бойынша кезекті нөмірмен белгіленеді, мысалы: [1, б. 15]; қолданылған әдебиеттер тізімі – басылым орны (қала және баспахана), айы немесе нөмірі (газет, журнал), басылым жылы және бет нөмірі, ГОСТ 7.1:2006 сәйкес рәсімделеді. Әдебиеттер тізімі мақаланың жалпы бет санына кіреді.

Бір қатысушы бір ғана материал жібере алады. Мақала қазақ тілінде қабылданады. Байқауға қатысушылардың жасы 40 жастан аспауы керек.

Байқауға қатысушылар жұмыстарына толық аты-жөнін, телефон нөмірін, мекенжайын және өздері туралы қысқаша мәлімет қосып, makala2022@inbox.ru электронды поштасына 1-қыркүйекке дейін жолдауы қажет.

Жүлде қоры:

1-орынға – 200 000 тг

2-орынға – 100 000 тг

3-орынға – 50 000 тг

Тапсырыс беруші:

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының Жобалық кеңсесі

Ұйымдастырушы:

ЖШС Salem Media Group

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Байланыс:

Тел.: + 7702 100 1339 (Ильясова Зарина – байқау менеджері)

E-mail: salem_media@mail.ru

